

2009 жылғы 30 қаңтардағы № 3 "Новотроицк селолық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 30 маусымда № 4892 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Новотроицк ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Новотроицк ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 3 "Новотроицк селолық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9 -12-101 тіркелген, 2009 жылғы 19 наурызда "Айна" газетінде жарияланған" мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селосы", "селолық" деген сөздер "ауылы", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнбiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Бокаев